



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Хотя в реальной практике зачастую приходится иметь дело со смешанными проектами, в которых имеются признаки исследовательских, практико - ориентированных, информационных. Он способствует развитию активного самостоятельного мышления учащихся и формирует у них коммуникативные навыки, культуру общения, умение кратко и доступно формулировать мысли, терпимо относиться к мнению партнеров по общению, развивать умение добывать информацию из разных источников, обрабатывать ее с помощью современных компьютерных технологий. Проектная форма работы является одной из актуальных, позволяющих учащимся применить накопленные знания по предмету. Учащиеся развивают свой кругозор, границы владения языком учатся слушать и слышать англоязычную речь и понимать друг друга при защите проекта. Работа со словарями, справочной литературой, компьютером создает возможность прямого контакта с аутентичным языком.

Внедрение информационных технологий в обучение значительно разнообразит процесс восприятия и обработки информации.

Список использованных источников:

1. Яковец Ю.В. Эпохальные инновации XXI века. – М., 2004
2. Посталюк Н.Ю.. Проектирование инновационных образовательных систем. Региональный аспект. <http://psychology/narod.ru/121.html>).
3. Максаев А.А. Инновационные технологии в обучении иностранному языку <http://festival.1september.ru/articles/566297/>

УДК 378.147:811.111

МОБИЛЬДІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ШЕТ ТІЛДЕРДІ ҮЙРЕНУ

Ерік Гулнур

Yerikgulnur88@mail.ru

Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының оқытушысы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Тіл оқытудағы ең соңғы өзгерістердің бірі бұл – ұялы құрылғылардың көмегімен тілді тез, әрі тиімді үйрену болып отыр. Бұл мақала тек мобильді құрылғылардың көмегі арқылы тіл үйренуге кіріспе ғана емес сонымен қатар, сыныптарда мобильді технологияны қолданудың практикалық әдістеріне назар аудару және олардың пайдаларына тоқталуға арналған.

Жалпы, мобильді құрылғылардың көмегі арқылы тіл үйрену бұл компьютерлік бағдарламалар арқылы тіл үйренудің «мұрагері», әрі екінші шет тілін үйренудің жаңа кезеңі ретінде дамыған жаңа нұсқасы деп анықтама беруге болады. Себебі, күн сайын тілді үйрену мақсатында мобильді құрылғыларды пайдаланушылардың саны артып, оның өзектілігі арытуда және оны ұдайы дамыту қажеттілігі туындауда.

Қазіргі уақытта мобильді құралдар арқылы шет тілін үйретуге бағытталған зерттеулер көп болмауының себебі, мобильді құралдар арқылы тіл үйренуге деген қызуғушылық көп, бірақ нақтылай келгенде оның тиімділігі мен пайдасына тиісті көңіл бөлінбей келеді. Дегенмен мобильді құралдар арқылы шет тілін үйретудің оң тұстары өте көп. Мысалы: қондырғыны (бағдарламаны) пайдаланушылардың аз шығын жұмысауы; қондырғының (бағдарламаның) тұтынушылар арасында тез таралуы және күнделікті пайдалану аясына кедергілерсіз енуі; қалаған уақытта кез-келген мекен-жайда сабақтар алу мүмкіндігінде. Бұл мүмкіндіктерді батыстың зерттеушілері «Мобильді құралдар көмегі арқылы шет тілін меңгеру барлық жастағы үйренушілерге дәстүрлі оқыту кеңістіктерінің шектеулерінен тыс, кеңейтілген оқыту мүмкіндіктерінің теңдессіз ауқымын ұсынады» деген пікірде.

Расында мобильді құралдардың көмегі арқылы шет тілін меңгеруде уақыт және бейне

бір орын қажет емес, кез-келген бос уақытты тиімді пайдалу мақсатында оның көмегімен шет тілін меңгеруге болады. Дәрістер интернет желісінде болуына байланысты, олар «онлайн» (нақты уақытта) әртүрлі видео-сабақтар, сұхбаттар түрінде өткізіліп, оқу әрі тыңдау сабақтары сұрақ-жауап күйінде жүргізіліп отырады. Осылайша оқушылардың шет тілін меңгергенін жан-жақты, тез әрі сапалы түрде бағалауға болады.

Мобильді құрылғылардың көмегімен шет тілін үйрену білім беру жүйесіне оң септігін тигізетінін ескерген мұғалімдер білім алушылардың заманауи талаптарына сай келу мақсатында, мобильдік қондырғыларды меңгеріп, оларды пайдаланып келеді. Осы ретте мобильді көмекші тіл үйрену әдістері туралы көбірек білуге құштар көптеген мұғалімдер мен зерттеушілер «Біз мобильді жасқа арналған оқытуды қайта тұжырымдауымыз керек» (Sharples et al, 2005) деген пікірде. Бұл дегеніміз күнделікті қолданыстағы ұялы телефондарымыз, планшеттеріміз, ноутбуктарымызбен компьютерлерімізде тіл үйренуге деген жаңа бағдарламалар жазылып, олардың қолдану аясы мен пайдасын кеңейту деген сөз. Осы мақала аясында ұялы телефон арқылы шет тілін меңгеруге тоқталуға басымдылық беріле отырып, оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттыруға бағытталған.

Әрбір оқушының күнделікті қолданысындағы ұялы телефон арқылы шет тілін үйренуін виртуалды және физикалық мәндегі білім алу ретінде қарастыруға болады. Себебі тілді үйренуші қандайда бір тілді үйрететін бағдарламаны телефонына жүктеу арқылы виртуалды кеңістіктегі сұрақ-жауаптармен жүздеседі. Ал физикалық мәндегі мобильді құралдың көмегімен шет тілін үйрену ұялы телефон арқылы нұсқауларды тікелей орындауға байланысты болады. Осы ретте екі механизмді ескеру қажет: біріншісі тартпалы (pull learning) және екіншісі итермелі (push learning) білім алу. Тартпалы білім алуда (pull learning) сыртқы көздердің (outside source) оқу мәтінін/аясын таңдап қоюы болса, ал итермелі (push learning) білім алуда оқушы өзіне қажетті бөлігін ғана керегінше алалады (қажетті кезде бағдарламаны желіден ауыру немесе қоса алу мүмкіндігімен). Осы ретте үйрету әдісін – техникалық даярлық (қалай пайдалану), стратегиялық даярлық (онымен не істеу қажет) және педагогикалық даярлық (оны не үшін пайдалану қажет) деп қарастыру қажет. Себебі оқушылар тіл үйрену бағдарламасы қалай жұмыс істейтінін және оны қолдану не үшін қажет екенін білсе олар оны өте тиімді бағытта пайдаланар еді.

Ал ұялы құралдарды пайдалану алғаш рет 1972 жылы АҚШ-та Аллан Кей есімді зерттеушінің «Dynabook» атты еңбегімен жүзеге асырылды. Ол құрылғы балаларға арналған қалың, экраны мен пернетақтасы және қайта қуатталатын батареялары бар коммерциялық түрде еш уақытта сатылмаған электрондық техника еді. 1991 жылы «Apple Classrooms of Tomorrow» жобасымен мектеп оқытушыларына компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы сабақтар өткізу алғаш рет жүктелген. Бертін келе жеке тұлғаларға арналған мобильді/портативті құралдар жасалып, мобильді құралдарды пайдалану аясын кеңейтті. Олар 1990-шы жылдары тек кәсіпкерлерге (бизнесмендерге) арналған өте шектеулі функциясы бар ұялы телефондар мен хабаршылар (пейджерлер) ретінде таныла бастады. Кейіннен олар компьютерлемен және қалта кітаптарымен алмастырыла бастады. 2007 жылы «Amazon Kindle» электрондық кітапшасы және 2010 жылы «Apple iPad» секілді мобилді қондырғылар нарықта қызу сатыла бастады. Осы кезден бастап электронды сөздіктер және MP3 ойнағыштардың үлгілері жасала бастады. Ал қазір бұлардың барлығы тек смартфонда бар. Зерттеушілердің пікірінше бір смартфон орташа есеппен кемінде 345 зерттеу еңбектен тұратын керемет электрондық бұйым. Бірақ ол тіл үйрену саласында тек мұғалімдер мен оқушылардың белсенділігіне қарай тиімді немесе керісінше болып табылады. Белсенді пайдаланушы ол қарқынды тілді үйренуші. Бірақ ол мобильді құралдарда барлық ақпаратпен бетпе-бет жүздесуіне байланысты оны түсіндіретін, үйрететін мұғалім қажет. Мұғалім оқыту стратегиялары арқылы оқушыларға тақырыптың мазмұнын түсінуге жол көрсетіп, нұсқаулық бере алады. Бірақ, оқушылар да жеткілікті зеректілік пен жауапкершілікті көрсете білулері қажет. Мобильді құрылғылардың көмегімен оқытылатын сабақтарда оқушылар өзін-өзі бақылау, қадағалау, басқару қабілеттерін дамытулары керек. Осындай құрылғылардың көмегімен білім алушылар көп үлгілі мәтіндерді жазып және сол жазған мәтінімен әлемнің

кез келген жеріндегі адаммен бөлісе алады.Сыныптан тыс жерлерде тілді қолданып, өздерінің үйренуге арналған жабдықтарымен қажеттіліктеріне сараптама жасай алады. Білім алушының мобильді құралы болмаса да,тілді үйренуге арналған жаттығуларды жұппен немесе топпен бірігіп орындауға болады.Алайда,оқып түсінуге арналған жаттығуларды орындау үшін әрбір оқушының өзінің жеке мобильді құралы болуы керек екенін естен шығармауымыз керек.Мобильді қосымшалар арқылы оқушы өзінің сыныптасымен немесе мұғалімімен сабақтан тыс кез-келген уақытта байланыста болуына мүмкіншілік береді.Мобильді қосымшаларды пайдалану арқылы сыныпта орындалатын бір қатар жаттығулар мысалдарын ұсынуға болады.Жалпы мобильді қосымшаларға электронды кітаптар мен кітапханаларды,білім беретін арнайы бағдарламаларды тіпті өзіміздің күнделікті қолданып жүрген аудио және видео материалдарды жатқызуға болады.Білім беретін қосымшалардың сұраныста өте жоғары деңгейде болуын ескеретін болсақ,бізге яғни мұғалімдерге қалғаны осы технологиялардың көмегімен ағылшын тілін үйретуге қолдау білдіру.Бірақ бұл қосымшалардың кейбіреулері арнайы мамандардың көмегімен әзірленбегендігін ұмытпайыуымыз керек.Сондықтанда олардың сапасы төмен болуы ықтимал.Білім алушыларға шет тілін үйретуге арналған бір қатар жаттығуларды әзірлеу барысында ұялы телефонымыздағы қарапайым қосымшалардың ерекшеліктерін пайдалана отырып ұйымдастыруға болады.

Суреттерді сипаттау.Қарапайым жаттығулардың бірі оқушыларыңызды өздерінің фото галереясынан ұнатқан кез-келген бір суретті таңдапқызып сол суретті сипаттауын сұраныз.Мұндай жаттығу оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыруына септігін тигізеді.Өйткені оқушы алдыда өзіне таныс көрнекілік материалды көргенде өзін еркін ұстайдындығы дәлелденген.Сонымен қатар оқушылар өздерінің өткен аптада немесе өткен жазда немен айналысқандықтары,қандай іспен шұғылданғандықтары жайлы телефондарындағы суреттерді қолдана отырып әңгімелеп берулеріне болады.Осылайша олардың қызығушылығы әлде қайта артады деген үміттеміз.Оқушыларға үй жымысы ретінде белгілі бір көлемде жаңа тақырып бойынша сөздік қорын дамыту үшін сөздер тізімін беруге болады және сол сөздерге байланысты олар ескі суреттерінен соған сәйкес келетін фотоларын көрсетулері қажет.Бұл жаттығу болса білім алушының сөздік қорын дамытып қана қоймай сөзді тез әрі оңай еске сақтауға мүмкіншілік береді.

Дыбыстық таспаға әңгімелермен диалогтарды жазу.

Оқушылар дыбыстық таспаға өздерінің құрастырған диалогтарын жазып алып кейін оны қайта тыңдау арқылы қателіктерімен жұмыс жасауға болады.Бұлда қатемен жұмыс жасаудың бір мысалы.Ал рөлдік ойындарды жүзеге асыруда ұялы телефонымыздың камерасы таптырмас құрал.Белгілі бір қойылымға түсірілім жасалғаннан кейін видео құжатты қайта талдау арқылы кері байланыс құруға болады.Ал,оқуға арналған жаттығуларды жасау үшін QR кодты сканнерлеу арқылы мәтінге сілтеме алуға болады.

Хабарлама жіберу арқылы мәтін құрастыру. (WhatsApp, Viber қосымшалары негізінде)

Мұғалім сыныптағы тақырыпқа сай мәтіннің бастапқы бөлігін бір оқушыға хабарлама арқылы жібереді.Ол оқушы мәтінді әрі қарай дамытып келесі бір оқушыға жіберді.Осылайша мәтін сыныптағы барлық оқушылардық бірлесуімен құрастырылған тұтас бір әңгімеге айналады.

Аутенттік видео материалдарды көру.

Шет тілдерін меңгеруде басты қағидалардың бірі ол аутенттік видео материалдарды көрумен тыңдау.Қазіргі таңда ағылшын тілін үйрететін көптеген веб сайттарда осындай материалдарды табу қол жетімді.Әсіресе British Councilдың ресми сайтында ағылшын тілінде дыбысталған фильмдермен видео роликтерді табуға болады.Тілді үйрену ол тек грамматикалық құрылымдарды меңгеру ғана емес сонымен қатар үйреніп отырған елдің тарихы мен мәдениетін жетік білу.Мысалы,ағылшын тілін меңгеру барысында Ұлыбритания тарихы мен мәдениеті туралы декретті фильмдерді немесе әйгілі бір жазушының өмірбаянын көрсетіп болғаннан кейін түсінуге арналған жаттығуларды орындауға болады.Жоғарыда аталғандардың барлығынан кейін еріксіз,сонда сыныпта мұғалімнің рөлі неде деген сұрақ

туындайды.Әрине, мобильді оқыту сыныпта мұғалімнің рөлін алмастыра алмайды дегенімен оқыту үдерісіне қосымша көптеген мүмкіншіліктер береді.Бірақ мұның барлығы тек оқытушының дұрыс нұсқаулықтармен,жол сілтемелерімен, практикалық әдіс тәсілдерінің арқасында ғана оңтайлы нәтиже береді.Мұғалім білім алушыларға мобильді қосымшалармен веб сайттарды ұсынбастан бұрын өзі сол аталған материалдармен мұқият таныс болуы керек.Сонымен мобильді оқытудың көмегімен неге қол жеткізуге болады оның тиімділі неде деген сұраққа төмендегідей жауап беруге болады.

– оқу үдерісіне қатысушылар: оқушылар өзара және оқытушы үйреншікті, ыңғайлы құралдарымен әрекеттеседі;

– сыныпта бірнеше компьютер қойғаннан гөрі, қолда бар мобильді құралдарды пайдалану ықшам және тез;

– мобильді құрылғыларда жүктелген электронды контенттермен жұмыс істеу, қағаз оқулықтар мен компьютерді қолданудан гөрі жеңіл және жылдам. Стилус немесе сенсорлық экран арқылы жұмыс істеу клавиатураны қолданудан ыңғайлы;

– мобильді құрылғыларға арналған кроссплатформалық қосымшаларды (WhatsApp, Viber, Telegram) пайдалану арқылы оқушылар мен оқытушы ортақ істелетін тапсырмамен жылдам бөліседі, топ ішінде ақпараттарды бір мезгілде және әркім өзінше өңдей алады;

– кез келген уақытта, кез келген жерден білім алуға мүмкіндік бар;

– жаңа технологиялық құрылғылар: смартфондар мен заманауи гаджеттер оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады.

Қорытындылай келе қазіргі білім берудің мақсаты - білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүріп, жұмыс істей алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, яғни ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, Отанның дамуына әлеуметтік, экономикалық жағынан зор үлес қоса алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл орайда мемлекеттік білім беру стандартын сапалы жүзеге асыру, білім беру жүйесін жетілдіру, жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу жүзеге асырылуда. Соның ішінде, мобильді технологияны оқу үдерісіне енгізу жеке тұлғаның дамуына оң әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2011.
2. Palalas & Ally The International Handbook of Mobil-assisted Language Learning, Beijing: China Central Radio & TV university Press Co., Ltd. – 2016.
3. Pegrum M. Mobile learnig: Language, litercies, and cultures. – Hampshire, UK: Palgrave Macmillan. – 2014.
4. Hockley & Dudeney How to teach English with technology. – Essex, UK: Pearson. 2007.
5. Логинова А. В. Использование технологии мобильного обучения в образовательном процессе. Молодой ученый. – 2015. – №8